

Мазмұны

- | | | |
|----------|---|-----------|
| 1 | Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер | 3 |
| | мектептері музыка бөлімдерінің «Альт» пәні бойынша | |
| | білім беру бағдарламасы | |
| 2 | Образовательная программа по предмету «Альт» | 21 |
| | детских музыкальных школ и музыкальных | |
| | отделений детских школ искусств | |

**Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері
музыка бөлімдерінің «Альт» пәні бойынша
білім беру бағдарламасы**

1. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Альт» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Альт» пәні бойынша оқытудың мақсатын, оқыту нәтижелерін және мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешенін анықтайды.

2. Осы бағдарламада келесі түсініктер қолданылады:

1) аккорд – бір уақытта алынған, жоғарылығы түрлі үш немесе одан көп музыкалық дыбыстардың үйлесімділігі;

2) альт – құрылымы скрипкаға ұқсас ішекті-ысқылы музыкалық аспап, бірақ көлемі біршама үлкен, сол себепті мейлінше төмен регистрде дыбысталады;

3) аппликатура – музыкалық аспапта ойнау кезіндегі саусақтардың орналасу және алмасу тәртібі;

4) альт кілті – үшінші сызықтағы бірінші октаваға дейінгі нота;

5) арпеджио – фортопианода, бірнеше клавишалық (ксилофон, виброфон) және ішекті аспаптарда аккордтардың дыбысы бірінен соң бірі шығатындай аккордтарды орындау тәсілдері;

6) вибрато (тремоляция) – музыкалық дыбыстың немесе ән салудың жоғарылығының, күшінің (қаттылығы) немесе тембрінің ұдайы өзгеруі. Ішекті аспаптарда ол саусақтардың тербелісі арқылы шығады;

7) гамма – ұзақтығы белгісіз дыбыстардың қатары, жандарындағы басқыштары бір-бірінен толық бір тонға және жартылай тонға артта болады. Мектептің орындаушылық практикасында гамма дегеніміз жоғары немесе төменгі октавалық дыбыстар қатарын білдіреді;

8) деташе – ішекті-ысқылы аспаптарда орындау тәсілдерінің түрлілігі;

9) дыбыс шығару – музыкалық аспапта ойнау және ән айту барысында дыбысты алу, шығару;

10) кантилена – кең, еркін түрде шырқалатын вокалдық, сол сияқты аспаптық музыка, сондай-ақ, музыканың өзін айту немесе оны орындау нақышы, әншілік дауыстың әуенді орындау қабілеті;

11) квартсекстаккорд – квинтасы төменде жатқан үшдыбыстылықтың екінші айналымы, үшдыбыстылықтың квинттық тоны бас дауысында орналасады;

12) квинта – бес сатыны құрайтын музыкалық арақашықтық,

«бес» санымен белгіленеді;

13) құзырет – білім, білік және дағдыларды қолдану қабілеті, жалпы сипаттағы, сондай-ақ белгілі бір кең саладағы міндеттерді шешу барысында практикалық тәжірибесі негізінде табысты іс-әрекет ету;

14) кілт – ноталардың жоғары дыбыстық мәнін анықтайтын сызықтық нотация белгісі. Кілттің орталық элементі көрсететін нота сызығындағы позицияның жоғарылығына қатысты ноталардың өзге жоғары позициялары есептеледі;

15) қос нота – ішекті-ысқылы аспаптарда екі немесе одан көп дыбыстарды бір уақытта үйлестіру;

16) орындаушылық аппарат – ойын процесіне қатысатын және өзара күрделі жүйке-бұлшық қызметімен байланысқан физиологиялық органдардың кешені;

17) легато – музыкалық аспаптармен өзара байланысын үзбей, бір дыбыстан екінші дыбысқа үзіліссіз ұласу арқылы орындау тәсілі;

18) мартле – ішекті-ысқылы аспаптарда ойнау барысындағы негізгі штрихтардың бірі; □

19) мартеле – детаşe ойнау тәсіліне негізделген, скрипка ойнаудағы артикуляция тәсілі;

20) музыкалық баса айту – келесілерді анықтайтын музыкалық мәнерліліктің құралы: музыкалық құрылымның көркемдік-мағынасын жеке бөліктерге бөлу (дұға, фразалар, сөйлемдер, кезеңдер, бөлімдер, бөліктер), кідірмені (цезура) бекіту және орындау, музыканың динамикалық, агогикалық, штрихтық және екпіндік элементтерін мәнерлі жеткізу;

21) нотаны парактан оқу – қиындығы жағынан білім алушының техникалық мүмкіндіктерінен аспайтын қандай-да бір таныс емес шығарманы тоқтамай, нотаға қарап дұрыс екпінмен және ырғақпен ойнап шығу білігі;

22) октава – дыбыстар аралығындағы жиіліктің қатынасы 1:2 болатын музыкалық интервал, яғни жоғары дыбыстың жиілігі төменгіден 2 есе көп;

23) пиццикато – ішекті-ысқылы аспаптарда ысқымен емес, саусақтың ұшымен іліп-қағу әдісі арқылы ойнау тәсілі, сондықтан ысқымен ойнауға қарағанда дыбыс үздік-создық және ақырын шығады. Ноталарда мұндай тәсілге ауысу pizz белгісімен белгіленеді, мұндай тәсілді ойнауды тоқтату - arco («ысқы») белгіленеді;

24) пюпитр – ноталарды қоюға арналған құрылғы, музыкалық аспапқа монтаждалады немесе еденге қойылады;

25) саусақтардың жүйріктілігі – музыканттың басты мақтаныштарының бірі және оның тәжірибелігі мен шеберлігінің көрсеткіші;

26) секстаккорд – үш дыбыстан тұратын аккорд және үшдыбыстылықтың бірінші айналымы болып табылады;

27) сексты – алты сатыдан тұратын музыкалық арақашықтық, «алты» санымен белгіленеді;

28) септаккорд – терциялық тізбекпен орналасқан төрт дыбыстан құралған аккорд;

29) скрипка кілті – ең кең тараған кілт. Скрипка кілтінде дауыстың белгілі жоғарылығында және жеткілікті жоғары дыбысталатын басқа да аспаптарда, скрипкаға (осыдан келіп атау шыққан), ерін гармоникасына, үрлемелі ағаш аспаптардың көп бөлігіне, үрлемелі, соқпалы аспаптардың мыстан жасалған бөліктеріне арналған кілттер жазылады;

30) сотийе – «секіретін» штрихтар қатарына жататын ішекті-ысқылы аспаптардың штрихы, ішекте жатқан ысқының жылдам және ұсақ қимылдарымен орындалады, ішектің созылғыштық және серіппелік қасиетіне байланысты сәл ғана кері лақтырады;

31) спиккато – ішекті-ысқылы аспаптарда қолданылатын музыкалық штрих, ысқыны ішекке лақтыру арқылы шығарылады, қысқа үздік-создық дауыс шығады;

32) стаккато – бір дыбысты бірінен бөле отырып, үзік-үзік орындалатын музыкалық штрих: стаккато — легатоға қарама-қайшы келетін, дыбыс шығарудың (артикуляция) негізгі түрлерінің бірі;

33) терция – үш сатыдан тұратын музыкалық арақашықтық, «үш» санымен белгіленеді;

34) флажолет – обертон дыбысын алу мақсатында ішекті-ысқылы және шертпелі аспаптарда ойнау тәсілі. Сондай-ақ, флажолет деп обертон дыбысын шығаруды да атайды. Ішекті аспаптарда ішектің ұзындығын 2 бөлетін нүктесін (ішектің дыбысталу жоғарылығы октаваға жоғарылайды), 4 (2 октава) және жартылай басу жолымен орындалады;

35) штрих – дыбыс құрайтын ноталарды, ноталар тобын орындау тәсілі (амалы және әдісі). Скрипкада және басқа ысқылы аспаптар ойнау кезінде қолданылатын штрих аталған көркемдік ойды іске асыру үшін қажетті дыбыстық нәтиже беретін, ысқы қимылының нақты формасы ретінде анықталады;

36) ысқы — ішекті-ысқылы аспаптарда дыбысты шығаруға арналған құрал.

3. Бағдарламаның мақсаты: білім алушының алытта (скрипка) ойнау өнерін практика жүзінде үйрету және орындаушылық шығармашылыққа тарту арқылы олардың өзін-өзі сәтті танытуына жағдай жасау.

4. Бағдарламаның міндеттері:

Оқыту:

- 1) білім алушыларға түрлі музыкалық шығармаларды келешекте көпшілік алдында орындау мақсатында таныстыру және үйрету;
- 2) білім алушылардың музыкалық сауаттарын арттыру;
- 3) музыкалық орындаушылық саласындағы арнайы құзыреттерді қалыптастыру;
- 4) музыкалық шығармаларды жеке және ансамбльде сауатты орындауға мүмкіндік беретін негізгі дағдыларды үйрету.

Дамыту:

- 1) музыканы есте сақтау жадын, үйлесімді және әуезді есту қабілетін, ырғақ сезімін дамыту;
- 2) негізгі скрипкалық және техникалық дағдыларды дамыту;
- 3) білім алушылардың бойында шығармашылық қабілеттерді, эстетикалық көзқарастарды, адамгершілік ұстанымдарды қалыптастыру;
- 4) музыкалық дүниетанымын кеңейту, музыкалық шығармашылыққа деген танымдық қызығушылықтарын дамыту.

Тәрбиелік:

- 1) музыканы түсініп қабылдау негізінде білім алушылардың эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу;
- 2) білім алушылардың бойында түрлі халықтардың рухани және мәдени құндылықтарын құрметтеуге және қабылдауға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерін тәрбиелеу және дамыту;
- 3) сәтті әлеуметтік бейімделуге қабілетті музыкантты, шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу;
- 4) адамгершілік, эстетикалық, дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру;
- 5) ескі музыкалық-тарихи кезеңдердегі қазақ, орыс және шетел музыкасының озық үлгілерімен, заманауи композиторлардың шығармаларымен таныстыру процесінде кең музыкалық дүниетанымдарын қалыптастыру;
- 6) көркемдік шығармалармен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

5. Бағдарламаны іске асыру мерзімі – төрт жыл. Бағдарламаны меңгеру қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

6. Бағдарламаны іске асыруға арналған оқыту уақытының көлемі осы бұйырықтың 1-қосымшасында көрсетілгендей балалар музыка мектептерінің үлгілік оқу жоспарына сәйкес анықталады. Оқыту жеке формада іске асырылады.

7. Бағдарлама скрипка пәні бойынша төртінші сыныпты аяқтаған және музыкалық аспаптық қабілеттері жақсы білім алушыларға арналған.

8. Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу қағидаттары:

1) балалардың табиғи қабілеттерін дамытудағы біртіндеушілік;

2) музыкалық сөздік қорын және техникалық тәсілдерді меңгерудегі қатаң жүйелілік;

3) сабақтардың жүйелілігі және ұдайылығы;

4) оқу процесінің мақсаттылығы.

9. Бағдарлама болашақ музыканттың әрі қарай жүргізетін практикалық қызметіне қажетті көлемдегі алытта ойнау тәсілдерін меңгеруіне жағдай жасайды. Балаларға шығармашылық, эстетикалық, рухани-адамгершілік тәрбие беруге бағытталған және жеке, ансамбльде, оркестрде орындаушылық дағдыларын меңгеруге, музыкалық өнерді зерттеу және меңгеру барысында өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын алуға мүмкіндік береді.

10. Педагог оқу міндеттерін белгілеудегі икемділік, әр баланы оқыту стратегиясын қалыптастыру мүмкіндіктері есебінен әр білім алушыға жеке тәсілмен келуді іске асыруға жағдай жасайды. Педагог музыкалық білімді меңгерудегі қолжетімділікке, сатылылыққа және жүйелілікке, балалардың бойында музыкаға деген қызығушылықтарын оятуға ерекше көңіл бөледі.

11. Білім беру бағдарламасы білім алушылардың:

1) музыкалық сауаттың қажетті деңгейіне сәйкес музыкалық шығармаларды шығармашылықпен орындауға мүмкіндік беретін білім, білік және дағдыларды меңгеруі;

2) білім алушылардың шығармашылық қызметі тәжірибесін алуы;

3) білім алушылардың әлем халықтарының рухани және мәдени құндылықтарын меңгеруі;

4) музыкалық білім алуы және музыкалық мәдениетке араласуы;

5) білім алушылардың бойында музыка өнері саласындағы негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларын әрі қарай меңгеруіне ықпал ететін білім, білік және дағдылар кешенін қалыптастыруға ықпал ететін жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

12. Психологиялық-педагогикалық қолдау:

1) білім алушының даралығына сәйкес оның тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік дамуына, өзін өзі кәсіби анықтауына, зияткерлік-тұлғалық мүмкіндіктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға;

2) білім алушылардың бойында оқуға деген оң уәждемелерін қалыптастыруға;

3) білім алушылардың тұлға ретінде дамуына және өзін өзі жетілдіруіне ықпал ететіндей тұлғаға өзін өзі тануда, олардың өзіне шынайы баға беруіне және нақты өмірлік жағдайларда бейімделуінде,

қиын жағдайларды жеңуде және эмоциялық тұрақтылыққа қол жеткізуде көмек көрсетуге;

4) бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес білім алушыларға психологиялық көмек көрсетуге және қолдауға бағытталған.

13. Білім алушыларға қажетті орындаушылық дағдыларды және біліктерді үйрету мазмұны, сипаты және стилі жағынан түрлі көркемдік шығармалармен жұмыс істеу барысында іске асырылады, ал музыкалық тәрбие беру халық музыкасын, қазақстандық, орыс және шетел композиторларының шығармашылығын үйретуге негізделеді.

14. Бағдарлама білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескереді, білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуға, негізгі және пәндік құзыреттеріне (оқу пәні шеңберінде меңгерілген арнайы білім, білік және дағдылар) қол жеткізуге бағытталған.

15. Бағдарламаның әдістемелік негізі:

1) тұлғаны қалыптастыруға деген тұтастық тәсіл тұжырымдамасы;

2) оқытудағы жас, жеке-қызметтік, жеке-сараланған және мәселелі-зерттеу тәсілдері;

3) заманауи педагогиканың жалпы дидактикалық постулаттары, білім беру процесінің белгілеген мазмұны, формалары және тәсілдері;

4) оқытудың дамытушылық мәнмәтініндегі білім алушылардың шығармашылық және орындаушылық қабілеттерін дамыту мәселелерін әзірлеу;

5) көрнекті педгогтер мен музыка танушылардың теориялық ережелері мен әдістемелік нұсқаулары.

16. Оқу материалының мазмұнын іріктеудің педагогикалық қағидаттары:

1) табиғи сәйкестілік және қолжетімділік қағидаты білім алушының жас ерекшеліктерін ескеріп, білім алушының музыкалық және рухани-адамгершілік дамуына көмектесетін, тыңдауға, үйренуге, орындауға лайық оқу материалын іріктеп алуға мүмкіндік береді;

2) сабақтастық қағидаты білім алушының музыкалық-орындаушылық қызметі және оның мазмұны деңгейінде оқытудың барлық сыныптары арасындағы байланысты білдіреді;

3) оқытуды дараландыру қағидаты аспапта ойнаудың орындаушылық дағдыларын практикалық меңгерудің негізгі тәсілі болып табылады;

4) шығармашылық қағидаты білім алушының қабілетін және бейімділігін ашуды болжайды, жетістік жағдайын құруға, өнермен қуана араласуға ықпал етеді.

17. «Альт» пәніне жеке оқытудың ерекшелігі оқыту әдістерін, құралдарын, формаларын және репертуар кешенін таңдаудың вариативті болуына жағдай жасайды.

18. Қойылған міндеттерді орындау үшін қолданылатын оқыту әдістері:

- 1) ауызша (әңгімелесу, айтып беру, түсіндіру, пікірталас);
- 2) көрнекілік-демонстрациялық (педагогтің аспаппен шығарма орындауы, бақылау, интерактивті және мультимедиялық таныстыру рәсімін көрсету);
- 3) практикалық (аспаппен жұмыс, дайындық жаттығулары, шығарманы өз бетінше талдау, шығарманың жеке бөліктерімен жұмыс);
- 4) талдау (салыстыру және жалпылау, қисынды ойлауды дамыту);
- 5) эмоциялық (ассоциацияларды, бейнелерді, көркемдік әсерлерді таңдау, музыкалық бейнелі ойлауды дамыту).

19. Әдістерді таңдау білім алушының жасына және жеке ерекшеліктеріне, физикалық қабілеттері, шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейіне байланысты болады. Оқу процесі қарапайымнан күрделіге қарай құрылады.

20. Сабақ формалары:

- 1) практикалық – ойнау тәсілдері мен дағдылары аспапта пысықталады;
- 2) топтық сабақтар ансамбльде ұжыммен музыка ойнау үшін өткізіледі;
- 3) дайындық-концерттік (дайындық және концерттік нөмірлерді көпшілік алдында көрсету);
- 4) байқаулар;
- 5) ойын сабағы (сабақ барысында ойын технологияларын қолдану);
- 6) экскурсия сабағы.

21. Педагог бағдарламаны заманауи музыка мектептерінде іске асыруда интерактивті білім беру технологияларын, сабақтардың классикалық және дәстүрлі емес түрлерін қолданады.

22. Педагогтің білім алушымен жеке жүргізетін сабағы сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы болып табылады. Жеке сабақтарды педагогпен немесе басқа білім алушылармен ансамбльде ойнаумен үйлестіру өте тиімді.

23. Сабақ жоспары бір уақытта жүргізілетін теориялық және практикалық сабақтардан құралады.

24. Жұмыстың сабақтан тыс түрлері:

- 1) ансамбльде ойнау;
- 2) концерттік, байқаулық қойылымдарға дайындық;

3) шығармашылық және мәдени-ағартушылық іс-шараларға қатысу;

4) филармонияларға, театрларға, концерттік залдарға, мұражайларға бару.

25. Осы бағдарлама негізінде педагог білім беру процесін ұйымдастырудың анықталған сынып үшін ұтымды және барынша тиімді мазмұнын, әдістерін және тәсілдерін анықтайтын оқу жұмыс бағдарламасын әзірлейді.

26. Оқу жұмыс бағдарламасының құрылымдық элементтері:

- 1) титул парағы;
- 2) түсінік хат;
- 3) оқу қызметін жоспарлау;
- 4) оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

27. Титул парағындағы негізгі мағлұматтар:

- 1) білім беру ұйымының аталуы;
- 2) оқу пәнінің аталуы;
- 3) оқу жұмыс бағдарламасы арнайы әзірленген сыныпты көрсету;
- 4) оқу жұмыс бағдарламасының жұмыс мерзімі (оқу жылы);
- 5) педагог туралы қысқа мағлұмат;
- 6) білім беру ұйымы басшысының оқу жұмыс жоспарын бекіткендігін белгілеуге арналған орын.

28. Түсінік хаттың мазмұны:

- 1) негіздеме ретінде білім беру бағдарламасы;
- 2) анықталған сыныпта пәнді оқыту кезіндегі өзекті педагогикалық мақсат пен міндеттер;
- 3) анықталған сыныптағы оқытудың ерекшеліктері (дамытушылық, түзету-дамытушылық, дарынды балалармен жұмыс);
- 4) аталған сыныпта жұмысты ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен мәселелер;
- 5) себептері мен өзгерістердің мақсаттарын нұсқай отырып, жеке тақырыптық блоктарды (тарауларды) меңгеру мерзімдерін және/немесе уақытын өзгерту туралы ақпаратты көрсету.

29. «Оқу қызметін жоспарлау» тарауы білім алушылардың қызметтерінің сипатын ерекшелейтін тақырыптық күнтізбелік жоспардан, сыныптар бойынша репертуарлық тізбеден құралады.

30. «Оқу процесін оқу-тақырыптық қамтамасыз ету» тарауының мазмұны:

- 1) білім алушыларға арналған танымдық әдебиеттер тізбесі;
- 2) педагогке арналған әдістемелік әдебиеттер-тізбесі;
- 3) оқу-көрнекілік құралдар тізбесі.

31. Педагогтің оқу жұмыс бағдарламасы әдістемелік кеңестің отырысында қарастырылады және білім беру ұйымының басшысы-оқу жылы басталғанға дейін бекітеді.

32. Педагог оқу жұмыс бағдарламасы негізінде әр білім алушыға арналған оқытудың жеке жоспарын құрады. Жеке жоспар білім алушының музыкалық және рухани-адамгершілік дамуының үйлесімді процесін сипаттайды.

33. Білім алушының жеке жоспары әр жартыжылдыққа құрылып, оны беру ұйымының басшысы бекітеді, журналға—немесе білім алушының жеке іс қағаздарына енгізіледі.

34. Білім алушының жеке жоспарын құру барысында жеке жұмыстың болашақ және ағымдағы міндеттері ескеріліп, оқу жылының басы мен соңындағы оның мінездемесіне сәйкес құрастырылады.

Бір сыныптың өзінде бағдарламаны іске асырудың жеке жоспарлары, концерттік және емтихандық бағдарламалары күрделілік деңгейі бойынша бірі бірінен біршама ерекшеленеді.

35. Білім алушының жеке жоспары репертуарлық кең үрдісті, халық, классикалық және композиторлық техниканың элементтері бар заманауи музыканы енгізу арқылы репертуарды жаңартуды және байытуды көрсетеді.

36. Оқу процесінің дұрыс ұйымдастырылуы, білім алушылардың музыкалық-орындаушылық қабілеттерінің табысты және жан-жақты дамуы толығымен алғанда жұмыстың мұқият жоспарлануына, репертуардың дұрыс іріктелуіне тікелей байланысты болады.

37. Педагог әрбір білім алушының музыкалық қажеттіліктерін және дарындылық ерекшелігін ескеріп, әрқайсысына жеке репертуарлық стратегия әзірлейді.

38. Педагог музыкалық шығармалардың жеке репертуарлық тізбесін қалыптастырады, шығармаларды жүйеге келтіреді және білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

39. Репертуарлық тізбе қазақ, орыс, шетел музыкасы, көркемдік деңгейі жоғары заманауи композиторлардың балалар мен жасөспірімдерге арналған пьесаларын, мультфильмдерден, балаларға арналған кинофильмдерден алынған танымал әндерді, халық музыкасын қамтиды.

40. Педагог оқу процесінде ладтық, үндестілік, ырғақтық және әуендік ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ халық әндері мен күйлерінің өңдеулерін, қазақстан композиторларының шығармаларын кеңінен қолданады.

41. Оқу репертуарының әр түрлі жанрдағы және стильдегі шығармаларға қанық болуы музыкалық материалды оқуға, салыстыруға, жүйелеуге оңтайлы жағдай туғызады.

42. Репертуар жүйелі түрде жаңартылады және заманауи отандық және шетел композиторлары шығарған үздік пьесаларын қамти отырып кеңейтіледі.

43. Педагог күрделілігі төмендеу тапсырмадан мейлінше күрделі тапсырмаға біртіндеп ауысу, білім алушыға музыкалық мазмұны жағынан, сондай-ақ орындау техникасы жағынан қолжетімді болатындай материалдарды таңдай отырып, оқыту әдістемесін және білім алушының репертуарын ойластырады.

44. Педагог репертуармен жұмыстың аяқталу деңгейін бекітеді, шығармаларды үйрену кезеңдерін белгілейді, бағдарламаның көлемін және күрделілігін түрлендіреді, әр білім алушының тұлғалық және жеке тәсілдерді ескеретін жаңа репертуардың есебінен репертуарлық тізбені толықтырады.

45. Педагог репертуармен жұмыс істеу барысында шығармалардың бір бөлігі көпшілік алдында немесе концертте (емтихандық) орындауға, қалған бөлігі – сыныпта жұмыс істеуге немесе таныстыру мақсатына арналатындығын ескереді.

46. Жеке жоспарға білім алушының музыкалық орындаушылық, көркемдік, техникалық мүмкіндіктерінен жоғары және оның жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін шығармалар енгізілмейді.

47. Білім алушылардың музыкалық дүниетанымын кеңейту үшін сыныпта егжей-тегжейлі оқытылатын шығармалардан бөлек, жұмыстың түрлі аяқталу деңгейіне жол бере отырып, жаттап алуды талап етпей, түрлі сипаттағы пьесалардың қатарымен таныстырылады.

48. Жеке жоспардың міндетті тараулары:

- 1) гаммалармен жұмыс;
- 2) этюдтермен және жаттығулармен жұмыс;
- 3) классикалық және заманауи авторлардың пьесаларын орындау;
- 4) Қазақстан композиторларының шығармаларын орындау;
- 5) халық әндерінің және билерінің өңдеулері;
- 6) ансамбльдің құрамында жұмыс істеу;
- 7) парақтан оқу дағдылары.

49. Әр жарты жылдықтың соңында педагог бекітілген жеке жоспардағы репертуарлық тізбеге енгізілген өзгерістерді көрсетіп, жоспардың орындалуын белгілейді, ал жылдың соңында білім алушының музыкалық және техникалық дамуына, жетістіктері және еңбек қабілеттеріне сипаттама береді.

50. Жылдың соңындағы білім алушыға берілген мінездеме даралығының келесі жақтарын ашып көрсетеді:

- 1) музыкалық қабілеттерінің деңгейі (естуі, ырғақ, жады);
- 2) білім алушының аталған аспапқа деген орындаушылық аппаратының сәйкестігі;
- 3) аспапқа икемделу деңгейі;
- 4) жалпы дамуы, эмоциялығы, қабылдауы, реакциясының жылдамдығы;

- 5) музыкамен айналысуға көзқарасы;
- 6) еңбекке қабілеттілігі, жинақылығы;
- 7) өз бетінше жұмыс істеу білігі;
- 8) мәтінді талдаудағы сауаттылық дәрежесі;
- 9) музыкалық шығармаларды меңгеру жылдамдығы;
- 10) жылдың соңындағы жетістіктері;
- 11) білім алушының музыкалық-техникалық дамуындағы кемшіліктері және оларды жеңу бойынша міндеттері.

51. Білім алушыны сипаттауда мақсатқа жетуге ұмтылуы, көркемдік қиялының болуы, аспапты еркін игеруі, техникалық жағынан еркіндігінің болуы сияқты жеке қасиеттері көрсетіледі.

52. Өз бетімен жүргізілетін сабақтар ұдайы және жүйелі түрде жүргізіледі. Жұмыс көлемі балалардың жалпы білім беру бағдарламаларын игеруімен қатар үй тапсырмасына дайындалуға кететін уақыт шығыны ескеріліп анықталады.

53. Жеке үй тапсырмасы бірнеше рет жүргізіліп, педагогтің ұсынымдарына сәйкес құрылады.

Бірінші кезекте түрлі техникалық тәсілдерді пайдаланып, ең күрделі музыкалық эпизодтар пысықталады. Педагог білім алушының ақыл-ой және дене мүмкіндіктеріне байланысты қандай да бір шығармаға жұмсалатын уақытты анықтайды.

54. Білім алушының өз бетінше жүргізетін сабақтарын белсендіру үшін сабақтың келесі формалары қолданылады:

- 1) өз орындауын талдау (білім алушылар өзінің ойнауын бағалайды, жіберілген қателіктерін белгілейді);

- 2) білім алушылардың күнделіктеріне шығармамен жұмысқа қатысты педагогтің маңызды ұсынымдарын жазу;

- 3) үй тапсырмаларын орындау туралы ауызша есеп беру (білім алушы қиындықтар туралы және оларды жою туралы айтады).

55. «Альт» пәнінің үлгілік оқу жоспарындағы «Сольфеджио», «Қазақ музыка әдебиеті», «Әлемдік музыка әдебиеті», «Ұжымдық музыка ойнау» пәндерімен пәнаралық байланысы білім алушылардың түрлі көркемдік түсініктерді тұтас түсінуге итермелейді.

56. 5 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

- 1) альт кілтін және бірінші, үшінші, бесінші және екінші, төртінші, алтыншы позициядағы дыбыстық диапазонды оқу;

- 2) альт және скрипка кілтін үйлестіру;

- 3) аспаптың ерекшеліктеріне (көлем) сәйкес қолды дұрыс қою бойынша жұмыс;

- 4) позициялардың ауысуы (түрлі аппликатуралық сатылылық), ауысулардың түрлері;

- 5) екі октавалы гаммаларды және арпеджиоларды бірінші позицияда, кейін ауысуларымен алдын ала оқу;

6) орташа қарқындағы үш октавалы гаммалар мен арпеджиолар (мажорлы және минорлы);

7) альт дыбысын шығару және кең дыбысталатын дірілді (гаммаларда) бірінші және үшінші позиция көлемінде баяу қарқында және кантиленді сипаттағы пьесаларды пысықтау;

8) деташе, ысқыға екі-үш-төрт-алты-сегіз нотадан легато, мартле, стаккато штрихтарын, штрихтардың үйлесімін үйрену;

9) екпін тазалығымен және ырғақпен жұмыс;

10) педагогтің қатысуымен өткізілетін сынып сабақтары, сондай-ақ білім алушының үй тапсырмасының бөлігі ретінде нотаны парактан оқу;

11) білім алушы оқу жылының ішінде төрт-бес мажорлық және минорлық екі октавалық позицияларының ауысуымен және үш октавалы гаммалар мен арпеджионы, 7-8 этюдті, 4-5 пьесаны, 2 ірі нысанды шығарманы үйренеді;

12) 6 сыныпқа көшу кезінде гамма және арпеджио, 1 этюд, түрлі сипаттағы 2 пьеса немесе 1 ірі нысанды шығарма орындалады.

57. 5 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Альт кілті және бірінші – үшінші – бесінші және екінші –

төртінші – алтыншы позициядағы дыбыстық диапазон.

2-тақырып. Альт кілті мен скрипка кілтінің үйлесуі.

3-тақырып. Аспаптың ерекшеліктеріне (көлеміне) сәйкес қолды қою.

4-тақырып. Позицияларды ауыстыру (түрлі аппликатуралық реттілік, ауысу түрлері).

5-тақырып. Екі октавалық гаммалар және бір позициядағы арпеджио, сосын ауысумен.

6-тақырып. Үш октавалық гаммалар және орташа қарқындағы арпеджио (мажорлы және минорлы).

7-тақырып. Альт дыбысын шығаруды және баяу қарқында бірінші – үшінші позиция көлемінде және кантиленді сипаттағы пьесаларда кең дыбысталатын вибрацияларды (гаммаларда) пысықтау.

8-тақырып. Бір ысқыға екі-үш-төрт-алты-сегіз нотадан деташе, легато штрихтары, мартле, стаккато, штрихтардың үйлесімдері.

9-тақырып. Дауыс ырғағы тазалығымен және ритммен жұмыс.

10-тақырып. Нотаны парактан оқу.

58. 5 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

5 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) саусақтарын алшақ орналастыра алады;

2) альт кілтінде ноталарды оқи алады;

- 3) музыкалық бейнелі ойлауды дамытады;
- 4) негізгі және үзік штрихтарды орындау дағдыларына ие болады;
- 5) түрлі стильдік бағыттағы шығармаларды біледі;
- 6) үш белгіге дейінгі гаммаларды орындай алады;
- 7) түрлі стильдік бағыттағы шығармаларды орындайды.

59. 6 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) жұп және тақ позицияларды және олардың алмасуларын әрі қарай меңгеру бойынша жұмыс: екі октавалық гаммалар және жылдам қарқындағы арпеджио, үш октавалық гаммалар және орташа қарқындағы арпеджио (мажор, минор). Үлгерімі жақсы білім алушылар үшін үш дыбысты алмасулардың (секстаккорд, квартсекстаккорд) және септаккордтарды үйрену;

2) үш позиция көлемінде орташа қарқындағы қос ноталар: терция, сексты, октавалар (бірінші позиция көлемінде қисық қозғалыста қос ноталарды алдын ала үйрену);

3) аккордтық техникамен, трель, бірінші позициядағы хроматикалық қимылдар (сырғитын аппликатура және саусақтардың алмасуы - нығыздалған аппликатура);

4) альт дыбысын шығарумен және кең дыбысталатын дірілмен жұмыс;

5) нюансировка белгілерін іске асыру кезіндегі негізгі техникалық тәсілдерді меңгеру;

6) штрихтарды меңгеру бойынша әрі қарай жұмыс: деташе, легато, мартле, стаккато, спиккато, сотийе;

7) флажолеттің табиғи, кварттық және квинттік түрлерімен танысу;

8) ырғақ тазалығымен және ритммен жұмыс;

9) педагогтің қатысуымен жүргізілетін сынып сабақтарының, сондай-ақ білім алушының үй тапсырмасының бөлігі ретінде нотаны парақтан оқу;

10) білім алушы оқу жылының ішінде 5-6 мажорлы және минорлы екі октавалық және үш октавалық гамма мен арпеджио (барлық айналымдарымен үш дыбыстылық), оның ішінде бұрынғы өткен материалдар да кіреді, қос ноталардағы 2 гамма (терциялар, сексталар, октавалар), 8-9 этюд, 5-6 пьеса, 2 ірі нысанды шығарма меңгеріледі;

11) 7 сыныпқа көшу кезінде үш октавалық гамма және арпеджио (айналымның барлық түрімен үш дыбыстылық), қос ноталардағы гамма (үлгерімі жақсы білім алушылар үшін), 1 этюд, 1 пьеса және 1 ірі нысанды шығарма орындалады.

60. 6 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Жұп және тақ позициялар және олардың ауысуы.

2-тақырып. Екі октавалық гаммалар және жылдам қарқындағы арпеджио. Үш октавалық гаммалар мен орташа қарқындағы арпеджио (мажор, минор).

3-тақырып. Үшдыбыстылықтың ауысуы (секстаккорд, квартсекстаккорд) және септаккордтар.

4-тақырып. Үш позиция көлеміндегі баяу қарқындағы қос ноталар: терция, секстар, октавалар (қос нотаны алдын ала бірінші позиция көлемінде қисық қозғалыста үйрену).

5-тақырып. Аккордтық техникамен, трель, бірінші позициядағы хроматикалық қимылмен жұмыс.

6-тақырып. Альттық дыбыс жүргізумен және кең дыбысталатын дірілмен (вибрация) жұмыс. Ньюансировка белгілерін іске асыру кезіндегі негізгі техникалық тәсілдерді меңгеру.

7-тақырып. Деташе, легато, мартле, стаккато, спиккато, сотийе штрихтарын меңгеру бойынша жұмыс.

8-тақырып. Табиғи, кварттық және квинттік флажолеттер.

9-тақырып. Ырғақ тазалығымен және ритммен жұмыс. Нотаны парақтан оқу.

61. 6 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

6 сыныпта оқу жылының соңында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) бағдарламалық талаптарға сәйкес альтқа арналған репертуарды біледі;

2) гаммаларды үш октавада орындай алады;

3) деташе, легато, мартле, стаккато, спиккато, сотийе штрихтарын орындау дағдыларына ие болады;

4) ньюансировка белгілерін іске асыру кезіндегі техникалық тәсілдерді біледі;

5) күрделі емес музыкалық шығармаларды парақтан оқи алады.

62. 7 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) музыкалық-орындаушылық дағдыларды әрі қарай меңгеру және дамыту;

2) үш октавалық гаммалар және жылдам қарқындағы арпеджио (үлгерімі жақсы білім алушылар үшін - секстаккорд, квартсекстаккордтардың үшдыбыстылық айналымын үйрету) және септаккордтар;

3) орташа қарқындағы қос ноталардағы гаммалар: терциялар, сексталар, октавалар;

4) түрлі аппликатуралы хроматикалық гаммалар;

5) альт дыбысын шығару және кең дыбысталатын дірілмен жұмыс;

6) баса айту (фразировка) – ерекше белгілерді (ньюансировка) іске асыру кезіндегі негізгі техникалық тәсілдерді әрі қарай зерделеу;

7) штрихтарды және олардың үйлесімдерін еркін игеру тәсілдерін техникалық және көркемдік материалдарда үйрену: деташе, легато, мартле, стаккато, спиккато, сотийе;

8) ырғақ тазалығымен және ритммен жұмыс;

9) нотаны парақтан оқу;

10) білім алушылардың орындаушылық дағдыларын меңгеру бойынша сыныптағы және үй жұмыстарын, білім алушының кәсіби музыкалық оқу орнында әрі қарай оқуына арналған бағдарламаны кеңейту және тереңдету;

11) білім алушы оқу жылының ішінде 6-7 мажорлық және минорлық үш октавалық гаммалар және арпеджио (үшдыбыстылық барлық айналымдарымен), ертеректе өткен материалдарды қоса алғанда, қос ноталық 3-4 гамма, 2 хроматикалық гамма, 9-10 этюд, 5-6 пьеса, ірі нысанды 2 шығарма меңгеріледі.

63. 7 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Үш октавалық гаммалар және жылдам қарқындағы арпеджио. Секстаккорд, квартсекстаккорд және септаккорд үшдыбыстылығының айналымдары.

2-тақырып. Орташа қалыптағы қос нотадағы гаммалар: терциялар, сексталар, октавалар.

3-тақырып. Аппликатураның түрлерімен хроматикалық гаммалар.

4-тақырып. Альттық дыбыс шығарумен және кең дыбысталатын дірілмен жұмыс.

5-тақырып. Баса айту. Ньюансировканың белгілерін іске асыру кезіндегі негізгі техникалық тәсілдер.

6-тақырып. Техникалық және көркемдік материалдарда штрихтарды және олардың үйлесімдерін еркін меңгеру тәсілдері: деташе, легато, мартле, стаккато, спиккато, сотийе. Ырғақ тазалығымен және ритммен жұмыс;

7-тақырып. Нотаны парақтан оқу.

64. 7 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

7 сыныпта оқу жылының соңында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) үш октавада мажорлы және минорлы гаммаларды орындай алады;

2) хроматикалық гаммаларды орындай алады;

3) сол қол техникасын: саусақ жүйріктілігі, трель, позициялардың қосылуының алуан түрлерін, жасанды флажолеттер мен қос ноталарды біледі;

4) мейлінше күрделі штрихтармен орындау дағдыларына ие болады.

65. 8 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) музыка мектебінде оқу барысында алған білім, білік және дағдыларын әрі қарай жетілдіру;

2) білім алушылардың музыкалық-орындаушылық деңгейлерін арттыру;

3) орындау техникасымен тереңірек жұмыс;

4) Стилi және жанры жағынан түрлі шығармаларды үйрену;

66. 8 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. Білім алушылардың музыкалық-орындаушылық деңгейін арттыру.

2-тақырып. Орындау техникасы.

3-тақырып. Стилi және жанры жағынан түрлі шығармаларды үйрену.

4-тақырып. Репертуар.

5-тақырып. Сахна мәдениеті.

6-тақырып. Ансамбльде орындау.

67. 8 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

8 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) интервалды техника дағдысына ие болады;

2) музыкалық шығарманы түсіндіре алады;

3) шығарманың стилистикалық ерекшеліктерін жеткізе алады;

4) музыкалық шығарманы өз бетімен жаттай алады;

5) аспапты өз бетінше күйге келтіре алады;

6) парақтан оқу дағдысына ие болады.

68. Білім беру бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

Түлек:

1) алытта жеке орындауға тән көркемдік-орындаушылық, техникалық мүмкіндіктерді;

2) музыкалық терминдерді;

3) музыкалық шығармалардың интерпретацияларын;

4) бағдарламалық талаптарға сәйкес, түрлі стильдегі және жанрдағы шығармалардан құралған алытқа арналған репертуарды біледі.

Түлек:

1) музыкалық шығарманы жеткілікті көркемдік деңгейде сауатты орындайды;

2) күрделі емес шығармаларды жаттау кезінде туындағын техникалық қиындықтарды өз бетінше жеңу;

3) орындаушылық техникада теориялық білімді қолдану;

4) орындалатын музыкалық шығармаларды талдау;

5) музыкалық формалар туралы түсінігі бар.

Бітіруші түлекте:

1) күрделі емес музыкалық шығармаларды есту арқылы теру және парактан оқу;

2) музыкалық-орындаушылықтың мәнерлілік құралдарын пайдалану;

3) есту қабілетін бақылау және орындау процесін басқару;

4) орындалатын шығармаларды теориялық талдау;

5) орындаушылық практика, көпшілік алдында жеке өнер көрсету;

6) ұжымдық шығармашылық қызмет дағдылары қалыптасқан.

69. Үлгерімді бақылаудың мақсаты білім алушының білім беру бағдарламасын игерудегі нәтижелілігін анықтау болып табылады.

Білім алушылардың бағдарламаны игеруін бақылау – бақылау жұмысы, техникалық сынақ, академиялық концерт түрінде, қорытынды аттестаттау – емтихан түрінде іске асырылады.

70. Аттестаттау формасы және білім алушылардың сыныптар бойынша көрсетілімдеріне қойылатын бақылау-бағдарламалық талаптары:

1) 5 сынып – бірінші тоқсанда: техникалық сынақ (бір гамма, бір арпеджио, штрихтар, әртүрлі сипаттағы екі этюд, пьеса), екінші тоқсанда: академиялық концерт (этиюд, әртүрлі сипаттағы екі пьеса немесе үлкен көлемдегі (вариация) бір пьеса, ірі нысанды бір шығарма), үшінші тоқсанда: техникалық сынақ (бір гамма, бір арпеджио, штрихтар, әртүрлі сипаттағы екі этюд), төртінші тоқсанда: емтихан (бір гамма, бір арпеджио, штрихтар, бір пьеса, ірі нысанды бір шығарма);

2) 6 сынып – бірінші тоқсанда: техникалық сынақ (бір гамма, бір арпеджио, штрихтар, әртүрлі сипаттағы екі этюд, пьеса), екінші тоқсанда: академиялық концерт (этиюд, әртүрлі сипаттағы екі пьеса немесе ірі көлемдегі (вариация) бір пьеса, ірі нысанды бір шығарма), үшінші тоқсанда: техникалық сынақ (бір гамма, бір арпеджио, штрихтар, әртүрлі сипаттағы екі этюд), төртінші тоқсанда: емтихан (бір гамма, бір арпеджио, штрихтар, бір пьеса, ірі нысанды бір шығарма).

3) 7 сынып – бірінші, екінші тоқсандарда: техникалық сынақ (бір гамма, бір арпеджио, штрихтар, әртүрлі сипаттағы екі этюд, бір пьеса), үшінші тоқсанда: тыңдалым (ірі нысанды бір шығарма (концерт немесе екі бөлімнен тұратын соната), әртүрлі сипаттағы екі пьеса), төртінші тоқсанда: емтихан (ірі нысанды бір шығарма (концерт немесе екі бөлімнен тұратын соната), әртүрлі сипаттағы екі пьеса, қазақстан композиторының бір пьесасы);

4) 8 сынып – бірінші, екінші тоқсандарда: техникалық сынақ (бір гамма, бір арпеджио, штрихтар, әртүрлі сипаттағы екі этюд, бір пьеса), үшінші тоқсанда (бітіру емтиханының бағдарламасы тыңдау (ірі нысанды бір шығарма (концерт немесе екі бөлімнен тұратын соната), әртүрлі сипаттағы екі пьеса), төртінші тоқсанда: бітіру емтиханы (бір

гамма (арпеджио), бір этюд, виртуоздық сипаттағы бір пьеса, кандиленді сипаттағы бір пьеса, Қазақстан композиторларының бір пьесасы, ірі нысанды бір шығарма).

71. Музыкалық білім беруде оқыту нәтижелерін бақылау өлшемшарттары пән бойынша ағымдық үлгерім нәтижелерінен және концерттік көрсетілімдерден алған бағаларынан тұрады.

Педагог білім алушының жұмысын бағалау кезінде келесі өлшемшарттарды ескереді: білім алушының аспапты тиісті деңгейде меңгергенін көрсетуі, көркем бейнені толық және сенімді ашуы, орындалатын шығарманың стилін түсінуі және орындаушылық интерпретацияда көрсетуі.

72. Бағалау өлшемшарттары:

1) «5» «өте жақсы» бағасы – бағдарламаны сауатты және мәнерлеп орындау, ырғағы жақсы, дыбысталуы жақсы және аспапты меңгеруі жеткілікті деңгейде дамыған.

2) «4» «жақсы» бағасы – бағдарламаны сауатты және мәнерлеп орындау, ырғағы жақсы, дыбыстылауы жақсы, бағдарламадағы шығармалардың музыкалық, техникалық және ритмикалық міндеттерін сәл ақаулармен орындайды.

3) «3» бағасы «қанағаттанарлық» бағасы – мәтіні жатталмаған, техникалық дайындығы төмен, көркемдік жағынан әлсіз ойнау, ойын аппаратының еркіндігі жоқ, сенімсіз орындау, ритмикалық тұрақсыз, ырғағы анық емес, қозғалыс үйлесімділігі жеткіліксіз, мәтінде ақау бар;

4) «2» «қанағаттанарлық» бағасы – аспапта ойнау дағдылары жоқ, мағынасыз ойнау, ырғағы таза емес;

5) сынақ (бағасыз) – орындау оқытудың осы кезеңіндегі қажетті деңгейге сәйкес.

**Образовательная программа по предмету «Альт» детских
музыкальных школ и музыкальных отделений детских школ
искусств**

1. Образовательная программа по предмету «Альт» для детских музыкальных школ и музыкальных отделений школ искусств (далее - Программа) определяет единый комплекс основных характеристик образования, включающий цель, результаты и содержание обучения, организацию образовательного процесса, способы и методы их реализации, критерии оценки результатов обучения по предмету «Альт».

2. В настоящей программе используются следующие понятия:

1) аккорд – сочетание трёх и более музыкальных звуков разной высоты, взятых одновременно.

2) альт – струнно-смычковый музыкальный инструмент такого же устройства, что и скрипка, но несколько больших размеров, отчего звучит в более низком регистре;

3) аппликатура – порядок расположения и чередования пальцев при игре на музыкальном инструменте;

4) альтовый ключ – нота до первой октавы на третьей линейке;

5) арпеджио – способ исполнения аккордов на фортепиано некоторых клавишных (ксилофон, виброфон) и струнных инструментах, при котором звуки аккорда следуют один за другим;

6) вибрато (тремоляция) – периодические изменения высоты, силы (громкости) или тембра музыкального звука или пения. В струнных инструментах вызывается колебаниями пальца;

7) гамма – звукоряд неопределённой протяжённости, соседние ступени которого отстают друг от друга на целый тон или полутон. Под гаммой в школьной исполнительской практике подразумевают восходящие либо нисходящие октавные звукоряды;

8) деташе – разновидность приёма исполнения на струнных смычковых инструментах;

9) звукоизвлечение – извлечение, порождение звуков при игре на музыкальном инструменте или пении;

10) кантилена – широкая, свободно льющаяся напевная музыка как вокальная, так и инструментальная, также напевность самой музыки или манеры её исполнения, способность певческого голоса к напевному исполнению мелодии;

11) квартсектаккорд – аккорд из трёх звуков, второе обращение трезвучия, при котором квинтовый тон трезвучия располагается в басовом голосе;

